



# Каспи-дің кәсіпкерлерге несие желілерін беруінің стандарт ережелері

Осы Каспи-дің кәсіпкерлерге несие желілерін беруінің стандарт ережелері (бұдан әрі – Стандарт ережелер) «Каспи Банк» АҚ-тың несие желілерін берудің үлгі ережелерін (шартта Стандарт ережелерге сілтеме болған кезде) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 388-бабында көзделген тәртіппен анықтау мақсатында әзірленді.

## 1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Стандарт ережелердің және оларға сілтеме болған кезде жасалатын банк қарызы шарттарының, өтініштердің және Клиент пен Каспи-дің арасында қатынастар туындауына байланысты ресімделетін өзге құжаттардың мақсаты үшін пайдаланылатын терминдердің, анықтамалар мен қысқарған сөздердің мағынасы мынадай:

- 1) **Сыйақы** – Несиe лимитінің есебінен алынған ақшаны пайдаланғаны үшін ақы, ол не қарыз сомасына пайыздық көрсеткішпен, не бекітілген сомада көрсетіледі;
- 2) **ҚР АҚ** – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- 3) **Несие шарты** – Каспи Қарыз алушыға Төлем карточкасы бойынша беретін Несие желісін ашу туралы келісім болып табылатын, төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарымен ақша беру туралы банк қарызы шарты;
- 4) **Қолжетімді қалдық** – Несие лимиті бөлігінің Клиент пайдаланбаған мөлшері;
- 5) **Ай сайынғы төлем** – несиe лимиті бойынша Дербес талаптарда айқындалған, Клиенттің ағымдағы берешегін өтеу міндеттемелерін орындау үшін Дербес талаптарда айқындалған күні салынуы тиіс ақша сомасы. Жаңартылатын Несие лимитінің мақсаты үшін Ең аз төлем ай сайынғы төлем болады;
- 6) **Берешек** – Негізгі борыш, Овердрафт сомасын қосқанда, қарыз Операцияларының сомасы, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақы, комиссия, айыппұл, өсімпұл, тұрақсыздық айыбы, төлемақы, Клиентпен жасалған шарттарда көзделген, Клиент төлеуге тиіс өзге төлемдер;
- 7) **Қарыз алушы** – Несие берілген Клиент;
- 8) **Өтініш** – Клиенттің Каспи шарттарын, соның ішінде қарыз беру туралы Несие шартын жасасу туралы ұсыныстары, сондай-ақ өзі болған сәтте немесе ДСЖК-ны, ДСН-кодын, ЭЦҚ-ны, QR-кодты және/немесе Каспи ережелерінде көзделген тәртіппен Клиенттің өзге ерік-қалауының растамасын қолданып, Байланыс арналары арқылы жолданатын өзге ақпарат қамтылған құжат;
- 9) **Байланыс арнасы** – Каспи айқындайтын тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын, Клиент пен Каспи-дің арасында ақпарат беру құралдарының бірі: электрондық пошта (email), пошта байланысы, мобильді қосымша, интернет-банкинг, мобильді банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабарлама, мессенджер арқылы хабарлама, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, Интернет-киоск, интернет-бөлімше, әлеуметтік желідегі Клиенттің парақшасындағы хабарлама, Клиент туралы мәліметтердің негізінде сәйкестендіру арқылы Сайттағы, әлеуметтік желідегі Каспи-дің ресми парақшасындағы, өзге интернет-ресурстардағы хабарлама;
- 10) **Капиталдандыру** – Берешек мөлшерінде берілетін, соның ішінде Каспи-дің қалауы бойынша төлемді кейінге қалдырған кезде, атап айтқанда, Қарыз алушының ауызша, жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы жасалған нұсқауы болған кезде, Несие лимитінің және/немесе Овердрафт есебінен Несие шарты бойынша Қарыз алушыға ақша беру;
- 11) **Жеке несиe шарты** – қарыз беру туралы, оның ішінде баспасөзде орналастырылған үлгі талаптардың аясында Каспи-мен жасалған Несие желісін ашу туралы келісім болып табылатын кез келген өзге шарт;
- 12) **Клиент** – Каспи-ге Өтініш білдірген және/немесе Стандарт ережелердің аясында шарттар жасасқан жеке тұлға;
- 13) **Несие** – Несие лимитінің аясында Каспи беретін ақша сомасы;
- 14) **Несие желісі** – Клиентке несиe алу және қарыз Операцияларын жүргізу уақытын өзі айқындауына мүмкіндік беретін (бірақ Каспи-дің ішкі несиe саясаты туралы ережеде, Стандарт ережелерде және Дербес талаптарда айқындалған уақыт пен соманың лимиттері шегінде), Каспи белгілеген шектеулерді ескере отырып, Каспи айқындаған Несие лимитінің есебінен несиe желісінің ең көп сомасы шегінде Каспи Төлем карточкасы бойынша беретін Несие желісін ашу туралы келісімнің талаптарында Каспи-дің Клиентті несиелеу міндеттемесі;
- 15) **Несие лимиті** – Дербес талаптарда айқындалған, Каспи қарыз алушыға Төлем карточкасы бойынша беретін жаңартылатын не жаңартылмайтын негіздегі несиe желісінің Ең көп сомасы аясында Қарыз алушының біржолғы пайдалануында болатын қарыз Операциялары бойынша Негізгі борыш сомасының Каспи айқындаған шекті мөлшері;

16) **ДСЖК** – Kaspi-дің динамикалық сәйкестендіру жүйесінің бір реттік коды, ол электрондық цифрлық символдардың бірегей бірізділігін білдіреді, қызметті пайдаланған кезде Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен жасалады;

17) **Жеке кабинет** – Клиентті сәйкестендірген және аутентификациялаған кезде, Kaspi.kz немесе Мобильді қосымша арқылы кіруге болатын ақпараттық кеңістік, ол Kaspi айқындаған электрондық банктік қызметтерді Клиентке көрсетуге және шарттарда көзделген өзге мақсатқа арналған;

18) **Жеңілдік кезеңі** – Сыйақы есептелмейтін, Несие беруге байланысты комиссия ұсталмайтын не кейбір қызмет ақысын төлеуге жеңілдік берілетін не Негізгі борыш және/немесе Сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыратын, не Берешекті өтеудің жеңілдік тәртібі немесе Несие шартының талаптарын өзге жеке уақытша жақсартулар қолданылатын уақыт кезеңі, соның ішінде Kaspi айқындайтын грейс-кезең. Жеңілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамға, бір немесе бірнеше Операцияға қатысты Kaspi айқындайтын уақыт аралығында қолданылуы мүмкін. Жеңілдік кезеңін беру талаптары Клиентке тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарланады;

19) **Несие желісінің ең көп сомасы** – Несие шартында айқындалған барлық қарыздардың (қарыз Операцияларының) және Несие желілерінің ең көп жалпы сомасы, сондай-ақ Несие шартына сәйкес берілуі мүмкін, Несие желісінің аясындағы Несие лимиттерінің сомасының шекті мөлшері;

20) **Қаржыландырудың ең ұзақ кезеңі** – қатарынан келетін Есеп айырысу кезеңдерінің сандық мәнімен айқындалатын уақыт кезеңі, осы кезеңде тек Ең аз төлемдер салынған жағдайда ғана Берешек өтеледі;

21) **Ең аз төлем** – Қаржыландырудың ең ұзақ кезеңінде төлем жасау арқылы Берешекті өтеу әдісі, оның мөлшері Дербес талаптарда айқындалады және/немесе Несие лимитінен не Берешек сомасынан пайызбен не бекітілген мөлшерде көрсетіледі, не Kaspi өзге тәртіппен айқындайды, оны Клиент Берешек болған кезде төлеуге міндетті;

22) **ХТЖ** – MasterCard WorldWide / Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal халықаралық төлем жүйелері, Kaspi төлем жүйесі және басқалары – бір-бірімен белгілі бір ережелермен біріккен және төлем карталарының технологияларын пайдалану негізінде өзара қарым-қатынас орнататын есеп айырысуға қатысушылардың және олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі. ХТЖ жұмыс істеу ережелерін белгілейді және өз қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді;

23) **Телефон нөмірі** – Клиенттің ұялы телефонының нөмірі, оны шарттарды орындау мақсатында Клиент жеке өзі немесе Байланыс арналары арқылы хабарлайды;

24) **Қамсыздандыру** – Несие шарты бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Kaspi-ге берілген кепіл, кепілдік, кепілдеме, соның ішінде заттай кепілдеме және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін өзге тәсілдер;

25) **Қамсыздандыру жарнасы** – Клиент Несие шарты, Жеке несие шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру ретінде беретін ақша сомасы. Қамсыздандыру жарнасына ақша салу талаптары Сайтта орналастырылады;

26) **Овердрафт** – Төлем лимитінің мөлшерінен үстеме Операциялар жүргізумен байланысты туындаған Клиенттің берешегі;

27) **Операция** – Шоттарда көрсетілуге тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде қарыз Операцияларын (Несие лимитінің есебінен шығыс Операцияларын) қосқанда, Төлем карточкасын пайдаланып (тауар ақысын төлеу және қолма-қол ақша алу) жүргізілген шығыс Операциялары, Шотқа қолма-қол ақша салу не қолма-қол ақшасыз аудару; Қамсыздандыру жарнасына ақша салу, Қайтарылған төлемдер; Берешекті өтеу есебіне ақшаны есептен шығару; Өтінішке, Несие шартына және Стандарт ережелерге сәйкес Шоттардан есептелген ақыны, комиссиялар мен Сыйақыны есептен шығару; Клиенттің Шоттарында көрсетілуге тиіс басқа операциялар;

28) **Оңтайлы төлем** – бір айдан тұратын Есеп айырысу кезеңінің соңғы күні Клиент бір немесе барлық Несие лимиттері бойынша Берешекті толық өтеу үшін Несие шарты және Жеке несие шарты (болған кезде) бойынша Kaspi-ге төлеуге міндетті төлем мөлшері;

29) **Негізгі борыш** – Клиент қайтармаған (төлемеген) Клиенттің Берешегінің бөлігі, жүргізілген қарыз Операцияларының сомасын, сондай-ақ капиталдандырылған сыйақылардың және өзге төлемдердің сомасын, сондай-ақ өтелмеген Овердрафт сомасын білдіреді;

30) **Артық төлем** – Клиент төлеуге тиіс Сыйақы сомасы, ол Дербес талаптарды көрсетіледі;

31) **Дербес талаптар** – жеке талаптар, Несие лимиттері және жақсартулар (Жеңілдік кезеңін/Промо-кезеңді беруден және/немесе Операцияларды Артықшылықты блокқа қосудан көрінетін Kaspi қызметтерін ұсыну) туралы ақпарат және/немесе Несие шартын жасасқан сәтте және/немесе Тарифтік жоспарда айқындалған талаптарды жақсартуға бағытталған, Kaspi айқындаған қызмет көрсетудің өзге параметрлері (атап айтқанда, Несие желісінің ең көп сомасын арттыру, Несиенің және/немесе Несие желісінің мерзімін және/немесе қаржыландырудың ең ұзақ кезеңін ұлғайту);

32) **Клиенттің таңдауы бойынша төлем** – мөлшерін Клиент өз бетінше айқындайтын және, егер Несие шартында өзгеше көзделмесе, Kaspi белгілеген Ең аз төлем мөлшерінен кем болмайтын төлемді жасау арқылы Берешекті өтеу әдісі;

33) **Төлем карточкасы немесе Карта** – электрондық төлем құралы, онда оны ұстаушыға электрондық терминалдар арқылы немесе басқа Байланыс арналары арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауға не қолма-қол ақша алуға, не валюта айырбастауға, Kaspi айқындаған және оның талаптарында Несие лимитінің аясында Несиелер алуға және төлеуге мүмкіндік беретін ақпарат қамтылған.

Несие желісі Қарыз алушыға Төлем карточкасы бойынша беріледі, Төлем карточкасын Kaspi пластикте және/немесе электрондық түрде шығарады, оның деректемелері туралы ақпарат соның ішінде Жеке кабинетте QR-код түрінде және/немесе өзге Байланыс арналарымен беріледі;

34) **Төлем лимиті** – ақша сомасы (теңгедегі Шоттардағы оң қалдықты және шоттарда әлі көрсетілмеген Операциялардың сомасы шегерілген несие лимиттерінің Қолжетімді қалдықтарын қосқанда), оның шегінде Клиент Төлем карточкасын пайдаланып шығыс Операцияларын жүргізуге құқылы;

35) **Артықшылықты блок** – Kaspi айқындаған артықшылықтар және Kaspi Стандарт ережелерге сай белгілеген Несие шартының немесе өзге шарттардың қосымша талаптары (шектеулері) қолданылатын қарыз Операциялары;

36) **Промо-кезең** – Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, кейбір банктік қызметтер тегін негізде көрсетілетін уақыт кезеңі;

37) **Төлем кестесі** – жасалған кезде болжанған Қарыз алушының төлемдерінің тәртібі, ол Қарыз алушының тек Ұсынылған төлемдерді не мұндай Төлем кестесінде айқындалған Несие лимиті бойынша Ең аз төлемдерді өтегені негізге алынып айқындалады, сондай-ақ онда Клиенттің төлемдері және оған қызмет көрсетілгені туралы өзге ақпарат қамтылады;

38) **Есеп айырысу кезеңі** – Төлем карточкасы пайдаланылған уақыт кезеңі, ол Несие шартына қол қойылған күні не Дербес талаптарда немесе Төлем кестесінде айқындалған, не Kaspi Байланыс арналары арқылы хабарлаған өзге күннен басталатын бір айға тең;

39) **Ұсынылған төлем** – Несие лимитінің не Берешек сомасының пайызымен көрсетілетін, не бекітілген мөлшерде төлемді жасау арқылы не өзге, Kaspi айқындайтын тәртіппен Берешекті өтеу әдісі, оны Берешек болған кезде бір жылдан немесе Kaspi Несие желісінің мерзімі шегінде айқындайтын өзге мерзімнен аспайтын мерзімде Берешек сомасын өтеу үшін міндетті түрде өтеу керек;

40) **Сайт** – [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz), [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсы немесе Kaspi-дің ресми интернет-ресурсы ретінде [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) сайтында сілтеме жасалған өзге интернет-ресурс;

41) **Клиент туралы мәліметтер** – Несие алу үшін, Несие шартын жасасу үшін және Төлем карточкасын алу үшін Клиент ұсынатын, ықтимал клиент/Клиент туралы ақпарат (Сауалнамалар), Клиенттің растамалары, келісімдері мен кепілдіктері қамтылған құжаттар мен мәліметтер, қол қойылған, Клиент Kaspi-ге берген және/немесе Клиент Байланыс арналары арқылы Kaspi көздеген тәсілмен хабарлаған Клиенттің деректері қамтылған өзге құжаттар мен мәліметтер;

42) **Несиелеу мерзімі** немесе **Мерзім** – қатарынан келетін Есеп айырысу кезеңдерінің сандық мәнімен айқындалатын уақыт кезеңі, бұл кезеңде Берешек Төлем кестесіне сай немесе Дербес талаптарға сай Ең аз төлемдерді не Ұсынылған төлемдерді төлеу арқылы өтеледі;

43) **Шот** – Kaspi-де ашылған Клиенттің банктік шоты;

44) **Шот-көшірме** – қалыптастырылатын және Клиентке жолданатын Есеп айырысу кезеңінде Шотта көрсетілген Операциялар туралы мәліметтер, сондай-ақ Шот-көшірмеде өзге ақпарат қамтылады;

45) **ТКЖ** (Kaspi-дің төлем карталарының жүйесі) – төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар, құжаттама мен ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жиынтығы;

46) **Тарифтік жоспар** – банктік қызметтерді көрсету түрлері бойынша тарифтердегі топтардың атауы, оған қызмет көрсетудің кейбір талаптары және шарттар бойынша Kaspi-дің кейбір тарифтері кіреді;

47) **Тарифтер** – Kaspi-дің қызметімен байланысты, қызмет ақысын төлеген күні қолданылатын, Kaspi-дің қызметтері үшін бекітілген ақы мен комиссиялардың мөлшерлемелері;

48) **ЭЦҚ** – электрондық цифрлық қолтаңба;

49) **QR-код** – Kaspi-дің, Серіктестердің қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, Операцияларды, электрондық ақпараттық және транзакциялық банктік қызметтерді жүргізу технологиясы, ол Серіктесті, Клиентті сәйкестендіруге, сондай-ақ тауар (жұмыс, қызмет көрсету) туралы деректерді, Төлем карточкасының деректемелерін сәйкестендіруге, сондай-ақ Kaspi қабылдайтын машинамен оқылатын штрихталған көрнекі кодтарды пайдаланып жүргізілген Операцияға нұсқаудың берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.2. Клиенттермен байланысу, соның ішінде Байланыс арналары арқылы байланысу, қарыздарды беру және банктік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру, берілген Дербес талаптарды, соның ішінде Стандарт ережелер жарияланғанға дейін берілгендерін түсіндіру мақсатында 1.1-тармақта жазылған терминдердің мағыналарына Сайтта орналастырылған электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінде көзделген анықтамалар қолданылуы мүмкін.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 2.1. Қарыз алушы:

1) шарт жасалған немесе Несие лимиті белгіленген күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күннің ішінде Несие берілген күннен бастап есептелген Сыйақыны төлеп, Несиені қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, Несиені қайтаруға;

2) Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтейтін күн демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын және айып санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, Сыйақыны немесе Негізгі борышты одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

3) Несие шарты бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаның (Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты өтініш бойынша жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына көп дегенде бір рет ақысыз алуға;

4) Несиеге берілген ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш бойынша – мерзімі өткізілген төлемдер көрсетілген, Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға бөлінген, қайтарылуға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз алуға;

5) Бір жылға дейінгі мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап алты ай өткенде, бір жылдан астам мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап бір жыл өткенде тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, Несиені мерзімінен бұрын ішінара немесе толық көлемде өтеуге;

6) Несие шартының талаптарын оларды Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде Kaspi ұсынған жақсартатын талаптардан Несие шартында көзделген тәртіппен бас тартуға;

7) Алған қызметтер жөнінде даулы жағдайлар туындаған кезде Kaspi-ге өтініш білдіруге;

8) Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде Kaspi-ге баруға және/немесе өзінің Несие шартының талаптарына, оның ішінде: Несие шарты бойынша Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге; шетел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге; Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде Негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; Несиенің мерзімін өзгертуге; мерзімі өткізілген Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың және өзге төлемдердің күшін жоюға; «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген тәртіппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуіне; Kaspi-ге кепіл мүлкін беру арқылы Несие шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуына; шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүліктің өткізілуіне байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі өтуінің туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер қамтылған жазбаша нысандағы немесе Несие шартында көзделген тәсілмен өтініш ұсынуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға **құқылы**.

## 2.2. Kaspi:

1) Несие шартының талаптарын оларды Қарыз алушы үшін жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) Қарыз алушы қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам уақытқа бұзған кезде қарыз сомасын және ол бойынша Сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;

3) Клиент Ең аз төлемді төлеу міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ Клиент міндеттемелерін тиісінше орындамаған өзге жағдайларда қандай да бір хабарлама жолдамай, Оңтайлы төлемнің мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатуға;

4) Заңнамаға сәйкес Несие шарты бойынша өзінің талап ету құқықтарын үшінші тұлғаға толық немесе ішінара беруге, сондай-ақ Берешекті өндіру үшін немесе Қарыз алушыға орындау мерзімінің өткізілгені, Несие шарты бойынша төлемдер жасау қажеттілігі және міндеттемелерді бұзудың салдары туралы хабарлау үшін коллекторлық агенттіктерді тартуға құқылы. Бұл ретте Kaspi мұндай тұлғаларға осындай әрекеттерді жасауға қажетті Несие шартының талаптары туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ мұндай тұлғаларға тиісті құжаттарды ұсынуға құқылы;

5) Өз қалауы бойынша, соның ішінде Клиенттің қалауы бойынша тиісті Қамсыздандыру ұсынылған жағдайда Несие лимитінің мөлшерін ұлғайтуға, несие желісінің Ең көп сомасы шегінде жаңа Несие лимитін беруге немесе қосымша Несие лимитін беруге құқылы. Бұл ретте жаңа Несие лимитінің немесе қосымша Несие лимитінің талаптары бұрынғы (бұрын берілген) Несие лимиті үшін айқындалған талаптардан өзгеше болуы мүмкін;

6) Мұндай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын баспада немесе Сайтта жариялау арқылы Клиентке қызметтердің жаңа түрлерін көрсетуді қарастыруға құқылы. Kaspi Клиенттер үшін қызметтердің жаңа түрлерін көрсете бастаған жағдайда, қызметтердің мұндай түрлері Клиентке оның жазбаша, ауызша немесе өзге келісімі бойынша қызметтердің мұндай жаңа түрлерін көрсету үшін белгіленетін тәсілмен берілген тәртіппен көрсетіледі;

7) Клиент Несие лимиті берілген күннен бастап бір күннің ішінде оны пайдаланбаған жағдайда, Несие лимитін берудің күшін жоюға не болмаса Клиентке Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлап, оны берудің Дербес талаптарын өзгертуге;

8) Оларды Дербес талаптарда көрсету не болмаса оларды беретін күнге дейін Байланыс арналары арқылы Клиенттің назарына жеткізу арқылы берілетін Несие лимиттерінің нысаналы мақсатын белгілеуге;

9) Клиент Kaspi-ге хабарласқан кезде онымен жүргізілетін келіссөздерді жазып алуға, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында жазбаны осындай хабарласу фактісін растау үшін пайдалануға;

10) Заңнамаға сәйкес Несие шарты бойынша (талап ету) құқықтарын үшінші тұлғаға беруге **құқылы**.

11) Несие шарты бойынша (талап ету) құқықтары үшінші тұлғаға берілген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Несие шартының аясында Kaspi-дің Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Несие шарты бойынша (талап ету) құқықтары берілген үшінші тұлғалармен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады.

### 2.3. Kaspi:

1) Несие шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күннің ішінде Несие берілген күннен бастап есептелген Сыйақыны ұстап қалып, қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының басқа да түрлерін ұстамай, Несиенің қайтарылуын қабылдауға;

2) Қарыз алушының өтініші бойынша Несие шарты бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаның (мерзімі өткізілген төлемдерді көрсетіп, Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына жиілігі бір рет ақысыз беруге;

3) Қарыз алушының несиеге берілген ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша – мерзімі өткізілген төлемдерді көрсетіп, Негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және басқа да төленуге тиіс сомаға бөлінген, қайтарылуға тиесілі соманың мөлшерін оған үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз хабарлауға;

4) міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Несие шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде Қарыз алушыға Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттігі; Қарыз алушының Kaspi-ге өтініш білдіру құқығы; Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабарлауға;

5) Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 күннің ішінде Несие шартының ұсынылған өзгерістерін қарауға;

6) Талап ету құқығын беру шарты, сондай-ақ осындай беруге байланысты Байланыс арналары арқылы Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы шарт жасалғанға дейін төлемдердің мақсатын, үшінші тұлғаның атауы мен орналасқан жерін, берілген (талап ету) құқықтарының толық көлемін, НБ-ның мерзімі өткізілген және ағымдағы сомасының қалдығын, сыйақыны, комиссияны, тұрақсыздық айыбын және төленуге тиіс басқа соманы көрсетіп, (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға өткені туралы Қарыз алушыға беру шарты жасалғанға дейін 30 күннің ішінде Байланыс арналары арқылы хабарлауға;

7) Несие шарты бойынша (талап ету) құқығын үшінші тұлғаға берген кезде Несие шарты бойынша талап ету құқығын беру шарты жасалатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннің ішінде үшінші тұлғаға банк қарызын өтеу бойынша кейінгі төлемдердің нысаналы мақсатын (шарт бойынша (талап ету) құқығы өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жерін), берілген (талап ету) құқықтарының толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың мерзімі өткізілген және ағымдағы сомасының қалдығын, сыйақыны, комиссияны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге тиіс басқа соманы көрсетіп, бұл туралы Клиентке (немесе оның уәкілетті тұлғасына) жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы хабарлауға;

8) Клиентке оның сұратуы бойынша банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары, сондай-ақ Тарифтер туралы ақпаратты заңнамада көзделген тәсілмен, соның ішінде Сайтта жариялау арқылы ұсынуға;

9) Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде Несие шартының ұсынылған өзгерістерін қарауға және Несие шартының ұсынылған өзгерістерімен келіскені; Несие шартын өзгерту жөніндегі өзінің ұсыныстары; мұндай бас тартудың дәлелді негіздерін көрсетіп, Несие шартын өзгертуден бас тарту туралы Қарыз алушыға жазбаша түрде хабарлауға;

10) Несие шартында көзделген тәртіппен Несие шартының талаптарын оларды жақсарту жағына қарай өзгерту туралы Қарыз алушыға хабарлауға **міндеттенеді**.

### 2.4. Қарыз алушы:

1) Берешекті Стандарт ережелерге, Несие шартына және Дербес талаптарға сәйкес өтеуге;

2) Шарттар жасалған кезде ұсынылған деректерінің өзгергені туралы, соның ішінде: Т.А.Ө., мекенжайының, жеке басын куәландыратын құжаттардың, ЖСН, мобильді, үй телефонының нөмірінің, жұмыс телефонының нөмірінің, жұмыс орнының (кіріс алу көзінің) өзгергені, жеке кәсіпкердің мәртебесінен айрылғаны немесе Қарыз алушының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына тыйым салуға және/немесе бұрын Қарыз алушыға, оның ішінде Қарыз алушының кәсіпкерлік қызметті жалғастыруы үшін қолданылмаған, заңнамада белгіленген рұқсат беру рәсімдерін сақтау қажеттілігіне әкеп соғатын өзге де фактілердің, жағдайлардың орнағаны туралы, сондай-ақ Қарыз алушының Несиені қайтару және Сыйақыны төлеу қабілетіне және/немесе Қарыз алушыны сәйкестендіруге әсер етуі мүмкін кез келген жағдай туралы Kaspi-ге үш жұмыс күні ішінде Kaspi белгілеген тәртіппен және тәсілмен жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы хабарлауға **міндеттенеді**.

2.5. Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Kaspi-дің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге (қайта беруге) құқығы жоқ.

### 3. Қарыз алушы міндеттемелерін бұзған кезде Kaspi қолданатын шаралар

3.1. Клиент Несие шарты бойынша, соның ішінде Жеке несие шарты бойынша және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде, сондай-ақ Несие шарты жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін Клиент ұсынған кез келген ақпарат Несие шартының қолданылу кезеңінде жарамсыз (шынайы емес) болса немесе болып қалса, әлдекім жасалған шарттардың талаптарын даулаған жағдайда, Kaspi қолданатын шаралар:

- 1) Клиентке қатысты шара қолдану туралы мәселені Kaspi-дің уәкілетті органының қарауына шығару; Берешекті соттан тыс және сот тәртібімен өндіру; Несие беруді, соның ішінде Жеке несие шарты бойынша тоқтата тұру немесе тоқтату; Несие шартын біржақты тәртіппен бұзу;
- 2) ақшаны (заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда): а) Қарыз алушының Несие шарты бойынша мерзімі өткізілген міндеттемелерін (берешегін) орындау (өтеу) үшін Қарыз алушының кез келген банкте және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарына төлем талабын қою арқылы даусыз тәртіппен; б) мерзімі өткізілген және ағымдағы міндеттемелерді орындау үшін Kaspi-дің төлем құжаттарының немесе төлем ордерінің негізінде Қарыз алушының Kaspi-дегі банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару);
- 3) ҚР АҚ-тің 728-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, Клиенттен Несие шарты бойынша, соның ішінде Жеке несие шарты бойынша барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын (талап жолданған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде) орындауын (соның ішінде мерзімінен бұрын Несиені қайтаруын және Сыйақыны төлеуін) талап ету;
- 4) Ең аз төлем мен Ұсынылған төлем мөлшерін белгілеуді қоса алғанда, Дербес талаптарды толық немесе ішінара кері қайтару;
- 5) Берілген қарыздар бойынша Сыйақының Ең жоғарғы бекітілген мөлшерлемесіне берілген жеңілдіктің күшін жою;
- 6) Клиенттің Несие шарты бойынша міндеттемелерін бұзуына байланысты шығыстар мен шығындарды өтеуді Клиенттен талап ету;
- 7) Егер заңнамада өзгесі тікелей көзделмесе, Клиенттен төлемді орындау мерзімі өткізілген әр күн үшін мерзімі өткізілген Негізгі борыш пен Сыйақы сомасының 0,5% мөлшерінде, бірақ заңнамада және Несие шартында белгіленген шекті сомадан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуін талап ету;
- 8) Клиент қарыз алған кезде ұсынған кез келген деректің өзгергені туралы тиісті өзгерістер енгізілген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде хабарламаған жағдайда, Клиенттен он мың теңге мөлшерінде айыппұл өндіру;
- 9) Қарыз Операцияларын жүргізуді тоқтата тұру;
- 10) Несие лимитінің мөлшерін азайту;
- 11) Қамсыздандырудан ақы өндіріп алу және Қамсыздандыру туралы шарттарда көзделген өзге шараларды қолдану;
- 12) Төлем карточкасына (және қосымша карталарға) тосқауыл қою, сондай-ақ Клиенттің оларды қайтаруын талап ету;
- 13) Несие шартын орындаудан бас тарту, соның ішінде Оңтайлы төлемді өтеу мерзімін кейінге қалдырмау;
- 14) Күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілгені және төлем жасау қажеттілігі туралы Клиентке Байланыс арналары арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі және өзге де интернет-ресурстардағы Клиенттің жеке парақшасында, әлеуметтік желілердегі Kaspi-дің ресми парақшасында хабарламаларды жариялау, месенджерлер немесе өзге коммуникация құралдары арқылы хабарламалар жолдау арқылы хабарлау;
- 15) Берешек сомасын қайтару жұмыстарын жүргізу немесе Несие шарты бойынша құқықтарды үшінші тұлғаларға беру мақсатында банк құпиясын құрайтын ақпаратты және Клиент хабарлаған өзге де мәліметтерді, атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы кез келген үшінші тұлғаға, соның ішінде Клиенттің жұмыс берушісіне ашу;
- 16) Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді және қашықтан қызмет көрсетуді тоқтату немесе тоқтата тұру;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге шараларды қолдану.

3.2. Клиенттің борыштық жүктемесінің ұлғаюына жол бермеу үшін Kaspi Стандарт ережелерде аталған шараларды Несие шарты не Қамсыздандыру туралы шарт бойынша кез келген басқа міндеттеме орындалмаған кезде не болмаса олардың орын алуына нақты қауіп төнгенде, соның ішінде Қарыз алушыда Несие бойынша кезекті төлемді өтеу үшін қаражат болмаған кезде және оның түсуіне үміт жоқ болғанда, шарттар жасалған кезде немесе қарыз Операциялары жасалғанда Қарыз алушының шынайы емес мәліметтерді беру фактісі анықталғанда, Клиент сот процесіне тартылса және/немесе Клиенттің мүлкіне және/немесе оның шоттарына тыйым салынса немесе олардан ақы өндірілсе (немесе мұндай нақты қауіп болғанда), Клиентті психоневрологиялық диспансерлерге, психиатриялық клиникаларға, есірткіге немесе алкогольге тәуелділікті емдеу бойынша клиникаларға жатқызу туралы ақпаратты алған кезде, сондай-ақ, Kaspi-дің пікірінше, Қарыз алушының төлем жасау қабілетіне және оның Несие шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкіндігіне жағымсыз әсер етуі мүмкін өзге жағдайларда қолдануға құқылы. Kaspi сондай-ақ

берілген Несие бойынша Сыйақы түріндегі кірістерді және Kaspi-ге тиесілі басқа да төлемдерді, соның ішінде комиссиялар мен айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық айыбы және басқалары) және/немесе оларды одан әрі есептеуді, оның ішінде Берешекті мерзімінен бұрын өтеу туралы талап қойылған жағдайда, сондай-ақ Клиенттің міндеттемелерін тиісінше орындамауының елеулі тәуекелі туындаған өзге де жағдайда тануды тоқтатуға құқылы.

### 3.3. Мына жағдайларда:

- 1) Қарыз алушы Kaspi-дің алдындағы өз міндеттемелерін бұзғанда;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Kaspi жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағаны анықталғанда;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасының Kaspi-дің Несие шартын тиісінше орындауына әсер ететін талаптары өзгергенде;
- 4) егер Несие берудің нәтижесінде Kaspi мемлекеттік органдар белгілеген нормативтердің кез келгенін, оған қоса, бірақ шектелмей, пруденциалдық нормативтер туралы ережені бұзса;
- 5) егер Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның банктік шот(-тар)ындағы ақшаға тыйым салынса немесе ақы өндіріп алынса не болмаса нақты осындай қауіп бар болса немесе Kaspi аталған тұлғалардың ақшасының есебінен орындай алмайтын инкассалық өкім және/немесе төлемдік талап-тапсырма қойылса;
- 6) егер төменде аталған кез келген жағдай орын алса немесе, Kaspi-дің пікірінше, келесі жағдайлардың кез келгеніне (оған қоса, бірақ шектелмей): Қарыз алушының/жұмыс берушінің Kaspi-ге жазбаша хабарлауының немесе Kaspi-ге басқа дереккөздерден түскен ақпараттың негізінде алынған Қарыз алушының жұмыс берушімен еңбек қатынастарын тоқтатқаны (соның ішінде алдағы уақытта) туралы ақпараттың болуына немесе анықталуына; әлдекімнің Несие шартының және/немесе Жеке несие шартының және/немесе Қамсыздандыру туралы шарттың және/немесе өзге шарттардың не болмаса олардың кейбір талаптарының жарамдылығын даулауына; Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның Kaspi-ге ұсынған құжаттарының және (немесе) ақпаратының шынайы және (немесе) толық болмауына; Қарыз алушының қайтыс болуына немесе хабар-ошарсыз жоғалуына; Қарыз алушыда үшінші тұлғалардың алдында Берешектен асатын сомада міндеттемелердің туындауына немесе анықталуына; Қарыз алушының өзінің кез келген растамасы мен кепілдігін бұзуына; Қарыз алушының заңнаманың талаптарын бұзуына (бұл Қарыз алушының Kaspi-дің алдындағы міндеттемелерін бұзуына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін); Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның өздерінің үшінші тұлғалардың алдындағы кез келген міндеттемесін бұзуына; Kaspi-де кез келген себеппен құжаттар бойынша және іс жүзінде Қамсыздандырудың болуын, мөлшерін, жай-күйін және оның сақталу талаптарын тексеруге мүмкіндіктің болмауына; Несиенің нысаналы мақсатына сай пайдаланбауына және (немесе) Несиенің нысаналы мақсатына сай пайдалануын растауға қажетті құжаттаманың уақтылы берілмеуіне; Қарыз алушы немесе кепілгер немесе үшінші тұлға туралы жағымсыз ақпараттың анықталуына; Қамсыздандыруды (кепіл мүлкін) қайта бағалаудың нәтижелері бойынша осындай мүліктің құнының төмендеуіне және (немесе) Қамсыздандырудың жойылуына, кепіл мүлкін сақтандыру шартының болмауына немесе көзделген сақтандыруды жабудың немесе сақтандыру жағдайларының жеткіліксіздігіне, сондай-ақ, Kaspi-дің пікірінше, Қамсыздандырудың құнының елеулі түрде төмендеуіне әкеп соқтырған Қамсыздандырудың (кепіл мүлкінің) жай-күйінің кез келген өзгерісіне; Несие шарты қолданыста болған кез келген уақытта Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына; Kaspi-дің талап етуімен Несиені өтеу көзі болып табылатын кірісті көрсететін және растайтын (Kaspi-дің талаптарын қанағаттандыратын) құжаттардың берілмеуіне; Қарыз алушының және/немесе Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның азаматтығының өзгеруіне және (немесе) аталған тұлғалардың Қазақстан Республикасынан тысқары жерге уақытша немесе тұрақты тұруға кетуіне байланысты Қарыз алушының, Қамсыздандыруды берген үшінші тұлғаның Несие шарты және/немесе басқа шарт, соның ішінде Жеке несие шарты бойынша және/немесе Қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамауының (тиісінше орындамауының) қаупі бар болса, Kaspi Несие беруді, соның ішінде Жеке несие шарты бойынша несие беруді, Клиентке қашықтан қызмет көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе тоқтатуға, сондай-ақ Оңтайлы төлем жасау мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатуға құқылы.

## 4. Kaspi үшін шектеулер

### 4.1. Kaspi-дің:

- 1) Несие шарты жасалған күні белгіленген тарифтерді, комиссиялық сыйақыны және қарызға қызмет көрсету бойынша басқа шығыстарды есептеу тәртібін және олардың мөлшерін ұлғайту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) Жасалған Несие шартының аясында комиссияның жаңа түрлерін біржақты тәртіппен енгізуге;
- 3) Егер қарыз беру туралы ережелерде сақтандыру шарттарын және Қамсыздандыру болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге арналған шарттарды жасасу туралы талаптар көзделсе, сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда Қарыз алушыны, кепіл берушіні шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;
- 4) Стандарт ережелерде және Несие шартында көзделген жағдайларды қоспағанда, жасалған шарттың аясында жаңа қарыздар беруді біржақты тәртіппен тоқтатып қоюға;

- 5) Қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының өзге түрлерін өндіруге;
- 6) Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түссе және Сыйақы немесе Негізгі борыш одан кейінгі жұмыс күні төленсе, тұрақсыздық айыбын немесе айып санкцияларының өзге түрлерін өндіруге құқығы жоқ.

## 5. Несиені өтеу кезектілігі

5.1. Қарыз алушы салған төлем сомасы Қарыз алушының Несие шарты және Жеке несие шарты бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, ол Қарыз алушының Несие шарты және Жеке несие шарты бойынша Берешегін мына кезектілікпен өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша Берешек;
- 2) Сыйақы бойынша Берешек;
- 3) Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 4) Ағымдағы төлемдер кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
- 5) Ағымдағы төлемдер кезеңі үшін есептелген Сыйақы;
- 6) Орындауды алу бойынша Kaspi-дің шығасылары,

бұл ретте бір кезектің аясында алдымен бұрын берілген несие бойынша берешектің тиісті бөлігі өтеледі.

Мерзімді өткізудің қатарынан күнтізбелік 180 күні өткеннен кейін Несие шарты бойынша Қарыз алушы салған төлем сомасы Қарыз алушының Несие шарты және барлық Жеке несие шарттары бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, ол Қарыз алушының Несие шарты және Жеке несие шарты бойынша Берешегін мына кезектілікпен өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша Берешек;
- 2) Сыйақы бойынша Берешек;
- 3) Ағымдағы төлемдер кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
- 4) Ағымдағы төлемдер кезеңі үшін есептелген Сыйақы;
- 5) Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 6) Орындауды алу бойынша Kaspi-дің шығасылары,

бұл ретте бір кезектің аясында алдымен бұрын берілген несие бойынша берешектің тиісті бөлігі өтеледі.

5.2. Байланыс арналары арқылы берілген Kaspi-дің тиісті ұсынысы болған жағдайда, Клиент Берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлудің Kaspi ұсынған нұсқасын таңдауға құқылы.

## 6. Несие желісінің/Несиенің талаптары

6.1. Дербес талаптарға сай оның аясында Несиелер берілетін Несие желісінің ең көп мөлшері жиырма миллион теңгені құрайды.

6.2. Клиентпен жасалған Несие шарты бойынша Kaspi Қарыз алушының Байланыс арналары бойынша электрондық түрде жіберген өтініші болған кезде және/немесе тиісті құжаттарға қол қою арқылы несие лимиттерін алу үшін қосымша Несие желілерін ашуға құқылы.

6.3. Клиенттің Kaspi алдындағы Берешегі Клиенттің қарыз Операциясын жүргізуі; Клиент төлеуге тиіс Сыйақыны, төлемақыны, комиссияларды есептеу; Берешектің туындауына әкеп соқтыратын өзге жағдайлардың нәтижесінде туындайды.

6.4. Kaspi-дің шотына ақша түскен күн Несие шарты бойынша төлем жасалған күн болып саналады. Егер ақша Kaspi-дің шотына Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 20.00-ге дейін түссе, мұндай төлемді Клиент ағымдағы күні жасаған болып саналады.

6.5. Несие желісінің Ең көп сомасының мөлшері Несие лимитінің ең көп мөлшері болып табылады.

6.6. Жасалған Несие шартына сәйкес берілетін Несие лимитінің мөлшерін Kaspi Клиент ұсынған ақпараттың, сондай-ақ несие бюросының деректер базасындағы ақпаратты қосқанда, басқа да қолда бар мәліметтердің негізінде Клиентке несиелік скоринг жүргізу нәтижесінде өз бетінше белгілейді. Несие лимиті өтелгеннен кейін немесе оның қолданылу мерзімі ішінде Kaspi Клиентке жаңа Несие лимитін/қосымша Несие лимитін беруге құқылы. Клиенттің Несие лимитін пайдалануы Несие лимитін белгілеумен және оның мөлшерімен келіскені болады.

6.7. Белгіленген Несие лимиті берілген сәттен бастап ол Клиентке қолжетімді болады. Несие лимиті Төлем карточкасын және Төлем карточкасына қызмет көрсету шотын пайдалану арқылы ғана қолжетімді болады. Төлем карточкасына банктік қызмет көрсету шарты бұзылған жағдайда, Несие лимитіне қолжетімділік тоқтатылады және Клиент Берешекті шарт тоқтатылған Есеп айырысу кезеңі аяқталған күннен кешіктірмей Несие шарты бойынша, соның ішінде Жеке несие шарты бойынша Оңтайлы төлемді төлеу арқылы өтеуге міндетті.

6.8. Клиентке Несие лимитінің мөлшерін көбейту немесе жаңа Несие лимитін беру туралы хабарлау жазбаша хабарлама жолдау арқылы не болмаса Клиенттің Телефон нөмірі бойынша немесе өзге Байланыс арналары арқылы SMS-хабар жолдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте жаңадан берілген Несие лимиті бұрын берілген Несие лимитінің мөлшерінен аз немесе көп болуы мүмкін және ол берілген күннен бастап Клиентке қолжетімді болады.

6.9. Ең аз төлем немесе Ұсынылған төлем мөлшері азайтылған жағдайда, Несиелеу мерзімі төлем мөлшерінің азаюына сәйкес ұзартылады.



6.10. Kaspi Дербес талаптарды өз қалауы бойынша анықтайды және, Kaspi Дербес талаптардың өзге қолданылу кезеңін анықтамаса, олар бір айдың ішінде қолданылады және Стандарт ережелермен салыстырғанда Клиенттің жағдайын нашарлататын талаптарды көздей алмайды. Стандарт ережелермен салыстырғанда несие желісінің Ең көп сомасының неғұрлым жоғары мөлшерін, Несиенің және/немесе Несие желісінің неғұрлым ұзақ мерзімін, банктік қызмет көрсету қызметінің неғұрлым жоғары құнын көздейтін Дербес талаптар Клиенттен жазбаша түрде не болмаса Байланыс арналары арқылы келісім алынған жағдайда берілуі мүмкін. Kaspi шарттарда көзделген жағдайларда қосымша хабарлама жолдамай немесе осындай хабарламаны Байланыс арналары арқылы жолдап, Дербес талаптарды толық немесе ішінара кері қайтарып алуға құқылы.

6.11. Комиссиялардың мөлшерлерін (соның ішінде уақытша) азайтатын жағдайларды қоспағанда, Несиеге қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар тек Тараптардың келісімі бойынша Стандарт ережелерде көзделген тәртіппен және жағдайларда өзгертілуіне тиіс.

6.12. Овердрафт болған кезде және/немесе Клиентте Ең аз төлемнің төленбеген бөлігі болған кезде келесі Ең аз төлем Kaspi-дің қалауы бойынша Овердрафт және/немесе Ең аз төлемнің төленбеген бөлігінің сомасына көбейтіледі.

6.13. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылатын Клиентке Несие лимиті берілген жағдайда, Несие лимитін беру заңнамада және/немесе Kaspi-дің ішкі құжаттарында көзделген шектеулерді бұзбайтын және Қамсыздандыру бермей жүзеге асырылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, несие лимиті, Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарының ережелері ескерілгенде, берілген Несие лимитін қамтамасыз ету үшін жеткілікті сомада Қамсыздандыру беру туралы тиісті шарттың талаптарына сай Қамсыздандыру берілген күннен кейін қолжетімді болады.

6.14. Kaspi-дің қалауы бойынша толық немесе ішінара жаңартылатын Несие лимитінің есебінен немесе қосымша жаңартылмайтын Несие лимитін беру арқылы Операциялар Артықшылықты блокқа қосылуы мүмкін.

6.15. Егер Kaspi жүргізген біржақты жақсартуларда өзгесі көзделмесе, Төлем карточкасына қызмет көрсету шотына немесе Қамсыздандыру жарнасына Оңтайлы төлем мөлшерінен аз сомада түскен ақша Берешекті өтеуге мынаған сай бөлінеді:

- 1) Ең аз төлем (Артықшылықты блокқа қосылған барлық Несие лимиті бойынша) мөлшеріндегі ақшаның бөлігі ағымдағы Есеп айырысу кезеңінің соңында Берешекті өтеуге есептен шығарылады;
- 2) Артықшылықты блокқа қосылмаған қарыз Операциялары бойынша Берешекті өтеуге жеткілікті ақшаның бөлігі осындай операциялар (олар болса) бойынша Берешекті мерзімінен бұрын/толық өтеуге жіберіледі.

Төлем карточкасына қызмет көрсету шотында ақша сомасының қалдығы болған жағдайда, Берешек (Артықшылықты блокқа қосылған барлық Несие лимиті бойынша) болған кезде ақша Ең аз төлем сомасында әр келесі Есеп айырысу кезеңінің соңында Қамсыздандыру жарнасына аударылады және Берешекті өтеуге есептен шығарылады.

6.16. Артықшылықты блокқа қосылған Операцияларға төмендегі негізгі артықшылықтардың біреуі немесе бірнешеуі қолданылады:

- 1) Сыйақы мөлшерлемесін төмендету;
- 2) Қандай да бір комиссияның не төлемақының мөлшерлемесін төмендету;
- 3) Төлем кестесін беру;
- 4) Артықшылықты блокқа қосылған нақты қарыз Операциясынан туындаған Берешектің бөлігін өтеу үшін Клиенттің таңдауы бойынша Төлем жасау мүмкіндігі;
- 5) Банктік қызметтерді немесе қарыздың талаптарын өзге қосымша жақсарту.

6.17. Артықшылықты блокқа қосылған Операцияларға төмендегі шектеулердің біреуі немесе бірнешеуі қолданылады:

- 1) Клиенттің таңдауы бойынша Төлем үш Ең аз төлем сомасынан немесе үш Ұсынылған төлем сомасынан (егер Kaspi өзге аз соманы анықтамаса) аз болмауға тиіс және Клиенттің Kaspi белгілеген нысанда немесе Kaspi белгілеген Байланыс арналары бойынша Берешекті өтеу туралы өтінішті беруі арқылы жасалады; Артықшылықты блокқа қосылған нақты қарыз Операциясынан туындаған Берешектің бөлігін өтеу үшін Клиенттің таңдауы бойынша Төлем Клиенттің Операцияны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, жазбаша немесе Байланыс арналары арқылы жіберген тиісті өтінішінің негізінде жасалады. Бұл жағдайда Клиент ағымдағы Есеп айырысу кезеңіндегі Ең аз төлемді ағымдағы Есеп айырысу кезеңі аяқталатын күннен кешіктірмей төлеуге міндетті.

## 7. Несиені өтеу тәсілдері мен әдістері

7.1. Өтеу тәсілі – қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен.

7.2. Берешекті Ұсынылған төлем, Ең аз төлем, Клиенттің таңдауы бойынша төлем жасау әдісімен өтеген кезде, Kaspi келесі Есеп айырысу кезеңі аяқталғанға дейін Оңтайлы төлемді төлеу мерзімін кейінге қалдырады.

7.3. Оңтайлы төлемнің мөлшері Қарыз алушыға оның сұратуы бойынша хабарланады және ағымдағы Есеп айырысу кезеңі (соның ішінде Жеке несие шарты бойынша) аяқталған күнгі жағдай бойынша Kaspi-ге тиесілі төлемдер ескеріліп, сұрату берілген күні жасалған қарыз Операцияларының сомасы негізінде есептеледі және Байланыс арналарының бірі арқылы Қарыз алушының назарына жеткізіледі. Оңтайлы төлем сомасы хабарланғаннан кейін Kaspi-ге Төлем карточкасы бойынша жүргізілген және Оңтайлы төлемді есептеген кезде ескерілмеген өзге Операциялар туралы мәліметтер белгілі болған жағдайда не болмаса Клиент Оңтайлы төлем есептелген Есеп айырысу кезеңі аяқталғанға дейін қандай да бір Операция жүргізген жағдайда, Оңтайлы төлем мөлшері жүргізілген Операциялардың сомасына қарай қайта есептеледі.

7.4. Есеп айырысу кезеңіндегі Ұсынылған төлем сомасы бір жылдың ішінде толық пайдаланылған Несие лимитін өтеуге байланысты немесе Kaspi анықтаған (соның ішінде Клиенттің сұратуы бойынша) өзге параметрлерге байланысты есептеледі. Ұсынылған төлем мөлшері көрсетілмеген кезде, Ұсынылған төлем мөлшері Оңтайлы төлем мөлшеріне тең. Белгіленген Ұсынылған төлем мөлшері туралы Клиентке соманы Дербес талаптарда көрсету арқылы не болмаса SMS-хабар жолдау арқылы немесе өзге Байланыс арналары арқылы хабарланады.

7.5. Есеп айырысу кезеңіндегі Ең аз төлем сомасын Kaspi Несие лимитінің мөлшерінен не Берешек сомасынан не болмаса бекітілген мөлшерде есептейді және ол Клиентке несие скорингін жүргізу нәтижелеріне қарай Kaspi-дің қалауы бойынша Дербес талаптарда айқындалады (оған Түпкілікті Шот-көшірмені қойған жағдайлар қосылмайды). Kaspi белгілеген Ең аз төлем мөлшері туралы Клиентке соманы Дербес талаптарда көрсету арқылы немесе Kaspi-дің қалауы бойынша SMS-хабар жолдау арқылы немесе өзге Байланыс арналары арқылы хабарланады.

7.6. Егер Дербес талаптарда өзгеше көзделмесе немесе Клиентке Байланыс арналарының бірімен хабарланбаса, кейінгі әр Есеп айырысу кезеңіндегі Операцияларды есепке алу алдыңғы Есеп айырысу кезеңі аяқталған күні басталады.

7.7. Есеп айырысу кезеңінің күнін Клиентке Байланыс арналарының бірімен хабарлап, Kaspi-дің ұсынысының болуымен шектелген Клиенттің таңдауы бойынша терминалдың интерактивті мәзірі, Клиенттің Жеке кабинеті, Мобильді қосымша немесе өзге Байланыс арналары арқылы өзгертілуі мүмкін. Қарыз алушы растайтын әрекеттерді орындаған жағдайда, Есеп айырысу кезеңінің күні Қарыз алушының нұсқауы бойынша өзгертілген болып саналады және қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

7.8. Kaspi Берешекті өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін Қамсыздандыру жарнасын беруді талап етуге құқылы.

7.9. Қамсыздандыру жарнасы Kaspi анықтайтын және [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) немесе [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) сайттарында жарияланатын тәртіппен және талаптарда беріледі.

7.10. Kaspi кез келген үшінші тұлғадан Несие шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қабылдауға құқылы.

7.11. Стандарт ережелерде немесе Дербес талаптарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Төлем карточкасына қызмет көрсету шотындағы немесе Қамсыздандыру жарнасынан ақша Берешекті толық көлемде мерзімінен бұрын өтеу есебіне есептен шығарылады. Берешекті мерзімінен бұрын өтеудің өзге тәсілі Байланыс арналарының бірі арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі. Клиентке ұсынылған өтеу тәсілімен келісімін Байланыс арнасы арқылы білдіреді.

7.12. Клиент Берешекті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге өтінішті жазбаша немесе Kaspi-де көзделген Байланыс арналары арқылы береді.

7.13. Несие ағымдағы Есеп айырысу кезеңі аяқталатын күнге дейін мерзімінен бұрын өтелген кезде Сыйақы Несие шартының талаптарында анықталған (егер Дербес талаптарда бұл несие үшін неғұрлым төмен мөлшерлеме белгіленбесе) мөлшерлеме бойынша есептеледі. Сыйақы мөлшерлемесі бекітілген сомада белгіленген жағдайда, төленуге тиіс Сыйақы алдыңғы өтеу күнінен бастап несие пайдаланылған нақты күндер санына қарай ағымдағы Есеп айырысу кезеңінде төленуге тиіс Сыйақы сомасына пропорционал есептеледі. Бұл ретте Kaspi Клиент төлеуге тиіс Сыйақының мөлшеріне жеңілдік беруге құқылы.

## 8. Несие шарты бойынша ақпарат пен үзінді көшірмелерді беру

8.1. Клиентке шот-көшірме Клиенттің Жеке кабинетіне орналастыру арқылы немесе Kaspi айқындаған өзге Байланыс арналары арқылы беріледі. Есеп айырысу кезеңінде Операциялар және Берешек болмаған жағдайларда, сондай-ақ Артықшылықты блокқа қосылмаған қарыз Операциялары бойынша Берешек болмаған жағдайда, Шот-көшірме жолданбауы мүмкін.

8.2. Несие шарты бойынша Kaspi-дің алдында Берешек болған кезде мына жағдайларда:

- 1) Клиентке Несие шартын бұзу туралы талап жолданғанда және/немесе Төлем карточкасын қайтару туралы талап жолданған кезде;
- 2) Несие шарты тоқтатылған кезде;
- 3) Несие шарты бойынша төлемдерді төлеу мерзімін кейінге қалдыруды ұсыну тоқтатылған кезде;
- 4) Несие шартын бұзуға байланысты Клиенттің талап етуімен (тиісінше жазбаша өтініш не Kaspi айқындаған Байланыс арнасымен білдірілген Несие шартын бұзу туралы өтініш болған кезде) Клиентке Түпкілікті Шот-көшірме жолданады.

8.3. Түпкілікті Шот-көшірмеде көрсетілген немесе Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарланған мерзім аяқталатын күннен кешіктірмей Клиент Түпкілікті Шот-көшірмеде көрсетілген Клиенттің Берешегін толық көлемде төлеуге тиіс.

8.4. Клиентке Түпкілікті Шот-көшірме берілген күннен кейін Kaspi Түпкілікті Шот-көшірмеде көрсетілген Берешектің ұлғаюына әкеп соқтырған оқиғалар мен фактілер туралы мәліметтерді алған жағдайда (соның ішінде Kaspi Төлем жүйесінен Шоттағы ақша жеткіліксіз болған кезде Төлем карточкасын, қосымша карточкаларды пайдаланып, шығыс Операцияларының жүргізілгенін растайтын есеп айырысу құжаттарын алған жағдайда), Kaspi Клиентке жоғарыда аталған Түпкілікті Шот-көшірмені берген күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннің ішінде Клиентке Берешектің жаңа мөлшері ескерілген, түзетілген Түпкілікті Шот-көшірмені беруге құқылы, ал Клиент осындай түзетілген Түпкілікті Шот-көшірмеде (бұрын берілген Түпкілікті Шот-көшірменің негізінде Клиент төлеп қойған сома ескерілетін) белгіленген мөлшерде және мерзімде Берешекті өтеуге міндетті.

8.5. Несие шарты бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алғаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттігі; Қарыз алушының Kaspi-ге өтініш білдіру құқығы; Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы Қарыз алушыға бірінші рет мерзімі өткізілген күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабар жолдау арқылы немесе өзге Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Kaspi сондай-ақ Клиенттің әлеуметтік желілердегі және өзге интернет-ресурстардағы жеке парақшасына хабарларды жариялау, Клиент туралы мәліметтердің негізінде осындай коммуникацияларды пайдаланушыны Клиент ретінде сәйкестендірген жағдайда, мессенджерлермен, өзге коммуникация құралдарымен хабарлар жіберу арқылы Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізілгені және төлем жасау қажеттігі туралы Клиентке хабарлауға құқылы.

Хабарлама Клиентке: Клиенттің хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін Байланыс арнасы арқылы Несие шартында немесе Клиенттің Kaspi-ге Несие шартының аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; Несие шартында немесе Клиенттің Kaspi-ге Несие шартының аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген Клиенттің орналасқан жерінің немесе Клиенттің тұрғылықты жерінің мекенжайына оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Клиенттің кәмебетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс етудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ өзге Байланыс арналарын пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

8.6. Стандарт ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің кез келген хабарламасы немесе сұратуы жазбаша түрде берілуге тиіс. Мұндай хабарлама немесе сұрату, егер ол Kaspi-дің мекенжайына поштамен немесе курьерлік байланыс арқылы жіберілсе, Kaspi-ге тиісті түрде жолданған болып саналады.

8.7. Байланыс арналарын пайдаланып, Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, соның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалардан қорғану үшін техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды.

8.8. Хат жазысу, Операциялар жүргізу және мәмілелерді жасасу және өзге әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғану әрекеттерінің элементтері қолданылған Байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

8.9. Жазысқан хаттар мен хабарламалар және Несие шартының аясындағы өзге құжаттар Клиент Өтінішті ұсынған тілде жасалады.

8.10. Поштамен хабарламаларды жіберу үшін Kaspi Клиенттің Өтініште көрсетілген пошталық мекенжайын, ал ол өзгерген кезде Несие шартын жасасқан кезде хабарланған мекенжайды пайдаланады.

## 9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Клиент Несие шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған не болмаса тиісінше орындамаған жағдайда, Kaspi-дің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттің кез келген мүлкін және мүлктік құқықтарын мәжбүрлеп өндіріп алуды қосқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген шараны қолдануға құқығы бар.

9.2. Несие шартында не болмаса Дербес талаптарда Ең аз төлемді төлейтін күні ретінде көрсетілген мерзімде Ең аз төлемді төлеу міндеттемесінің орындалмауы Клиенттің Несие шарты бойынша міндеттемелерін бұзуы болып табылады, бұл ретте Kaspi Ең аз төлемдерді төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін Несие шартына сәйкес өсімпұл төлеуін талап етуге құқылы.

9.3. Kaspi:

1) Несие шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайлар үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдайларының, соның ішінде электр энергиясын өшірудің, байланыс желісінің зақымдалуының, өрттің және Kaspi-дің еркінен тыс басқа жағдайлардың басталуының салдарынан болса, жауапкершілік атқармайды. Жоғарыда аталған жағдайлар мен олардың салдары тоқтағаннан кейін, Kaspi Несие шарты бойынша өз міндеттемелерін орындайды;

2) егер Kaspi-ге байланысты емес себептерден ДСН-код, Клиентті ДСЖК және/немесе Клиенттің Кіру коды, QR-код, Жеке кабинеттің логині және/немесе паролі, Төлем карточкасының деректемелері, соның ішінде SVC-код үшінші тұлғаларға қолжетімді болса, Kaspi-дің банк құпиясын құрайтын ақпаратты Байланыс арналары арқылы хабарлауынан не болмаса үшінші тұлғалардың Операцияларды жүргізуінен туындаған ықтимал шығындар мен өзге де жағымсыз салдар үшін;

3) Клиент қол қойған және берген тиісті жазбаша құжаттың негізінде (онда қамтылған ақпараттың шынайылығына қарамастан) өзі жасаған кез келген әрекет немесе әрекетсіздік үшін, сондай-ақ Клиент берген құжаттардағы қолтаңбалардың түпнұсқалығы үшін;

4) үшінші тұлғаның Операцияны жүргізу үшін Төлем карточкасын қабылдаудан бас тартуын, сондай-ақ қандай да бір апатты, бағдарламалық және/немесе техникалық құралдардың қызмет көрсетуіндегі жаңылыстар немесе кідірістерді қоса алғанда, Kaspi-дің кінәсінен туындамаған салдар мен жағдайлар үшін жауапкершілік атқармайды.

9.4. Кез келген жағдайда Клиенттің алдындағы Kaspi-дің жауапкершілігі Kaspi-дің Клиентке әдейі немесе дерекі ұқыпсыздықпен жасалған әрекетінен немесе әрекетсіздігінен келтірілген, құжатпен расталған тікелей нақты залал мөлшерімен шектеледі. Жіберілген пайда, жанама, үстеме немесе кездейсоқ шығындар немесе залал, соның ішінде Kaspi олардың туындау ықтималдығы туралы хабардар болған жағдайларда өтелмейді.

9.5. Жеке тұлғамен жасалған Несие шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні ішінде мерзімі өткен әр күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні өткеннен кейін мерзімі өткен әр күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауға, бірақ Несие шарты қолданылатын әр жылға берілген қарыз сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

## 10. Несие шартына өзгерістер енгізу, оны мерзімінен бұрын бұзу, одан бас тарту

10.1. Тек Стандарт ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ғана Несие шартының талаптарын біржақты өзгертуге жол беріледі.

10.2. Kaspi Несие шартының талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, оларды өз қалауы бойынша Стандарт ережелерде көзделген тәртіппен Клиент үшін жақсарту жағына қарай ғана өзгертуі мүмкін. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай өзгерістер туралы Клиентке Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Несие шартын Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту, соның ішінде, егер Клиент кез келген себеппен мұндай өзгерістер туралы хабарламаны алмаса, Kaspi мен Клиенттің арасындағы қатынастарға қолданылады.

10.3. Kaspi Несие шартының талаптарын біржақты тәртіппен бір ай мерзімге немесе Kaspi анықтаған өзге уақыт аралығына талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгертуге құқылы. Несие шартына қол қоя отырып, Клиент үшін банк қарызы талаптарының жақсаруы, атап айтқанда:

- 1) банк қарызына қызмет көрсетуге байланысты көрсетілетін қызметтер үшін комиссияларды және өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 2) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық күшін жою;
- 3) Несие шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу;
- 4) Сыйақы мөлшерлемесінің көлемін азайту;
- 5) Берешекті өтеу бойынша төлем жасауды кейінгі қалдыруды ұсыну;
- 6) Несие шартында көзделген комиссиялардың және басқа да комиссиялардың, соның ішінде Төлем карточкасы бойынша мөлшерлемелердің мөлшерін азайту;
- 7) Несие лимитінің мөлшерін ұлғайту;
- 8) Операцияларды Артықшылықты блокқа қосу;
- 9) Несие лимитінің жаңартылуын қосу (Несие шартының қолданылуы кезеңінде Kaspi Несие лимитінің жаңартылуын қосады және бұл Несие лимитінің Қолжетімді қалдығы негізгі борыштың өтелген бөлігінің сомасына ұлғайтылатынын білдіреді);
- 10) Несие және/немесе Берешек бойынша сыйақыны капиталдандыру;
- 11) Несие шарты бойынша Дербес талаптарды беру;
- 12) Жеңілдік кезең, Промо-кезең беру;
- 13) төменгі кезектіліктегі Берешекті жоғарыда тұрған кезекке дейін басымдықпен өтеуді кездейтін Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту;
- 14) Несиенің басқа Операциялары бойынша Берешекті өтегенге дейін Артықшылықты блокқа қосылған Операциялар бойынша Берешекті басымдықпен өтеуді кездейтін Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту;
- 15) жаңа Несие лимитін беру;
- 16) жаңа Несие желісін ашу;
- 17) Артықшылықты блокқа қосылған қарыз операциясын өтеу тәртібін Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту;
- 18) кешірек мерзімге ауыстыру арқылы Есеп айырысуы кезеңі аяқталатын күнді өзгерту;
- 19) капиталдандырылған Берешекті қайта берілетін Несие лимитінің есебінен өтеу арқылы Берешекті қайта қаржыландыру;
- 20) Несие желісінің Ең көп сомасын ұлғайту;
- 21) Несиелеу мерзімін тиісінше ұлғайтып, берілген бір немесе бірнеше Несие лимиттері бойынша Ең аз төлем немесе Ұсынылған төлем мөлшерін азайту;
- 22) Клиентке Несие шартының талаптарының өзге жақсартуларын беру екенімен Клиент келіседі.

10.4. Kaspi Несие шартының талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерткені туралы Клиентке Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен хабарлайды.

10.5. Клиент ұсынылған жақсартулардан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны жолдап, Несие шартының жүзеге асырылған жақсартулары туралы Клиентке хабарланған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде Kaspi-дің біржақты тәртіппен Несие шартының талаптарын өзгертуінен бас тартуға құқылы.

10.6. Kaspi Несиеге қызмет көрсетуге байланысты емес комиссиялар мен Тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісімді жасасу талап етілмейді. Несиеге қызмет көрсетумен

байланысты емес Тарифтер мұндай банктік қызмет көрсетуді реттейтін шарттың талаптарына сәйкес өзгертілген түрінде күшіне енеді.

10.7. Жаңа Тарифтер Kaspi-дің операциялық залдарында және/немесе Сайтта орналастырылған жағдайда, Клиентке Kaspi-дің Тарифтерінің өзгерістері туралы тиісті түрде хабарланған болып саналады.

10.8. Байланыс арнасы арқылы хабарлама жолданған күні Kaspi-дің Несие шартын біржақты өзгерткені туралы Клиентке тиісті түрде хабарланған болып саналады, оған пошта ұйымы берген күні жолданған болып саналатын пошталық хабарламалар қосылмайды.

10.9. Несие шарты Клиенттің Өтініші бойынша немесе Kaspi-дің қалауы бойынша Жеке несие шарты бойынша берешек және Түпкілікті Шот-көшірмеге сәйкес Берешек болмаған кезде бұзылуы мүмкін.

10.10. Несие шартының талаптарында және заңнамада реттелмеген бөлігінде Несие шартын орындауға, соның ішінде Несие шартының талаптарын және Дербес талаптарды өзгертумен байланысты мәмілелер Kaspi көздеген тәсілмен Байланыс арналары арқылы хабарлар алмасу арқылы, атап айтқанда, ДСЖК, ДСН-кодты, ЭЦҚ-ны енгізу, электрондық және өзге құжаттармен алмасу арқылы және басқа да тәсілдермен жасалуы мүмкін.

## 11. Ерекше талаптар және өтпелі ережелер

11.1. Төлем карточкасын берудің және оған қызмет көрсетудің, сондай-ақ Шоттардың және Төлем карточкасын пайдалану арқылы қолжетімді болатын Kaspi мен үшінші тұлғалардың қызметтерінің талаптары кәсіпкерлерге кешенді банктік қызмет көрсету шартының талаптарында айқындалады.

Егер Жеке несие шартының аясында Клиентке Kaspi-де Шот ашылса, Несие көрсетілген Шотқа берілуі мүмкін. Kaspi өзінің қалауы бойынша жаңа Шот ашуға және/немесе Несиелерге арналған жаңа Төлем картасын шығаруға құқылы.

11.2. Төлем карточкасының қолданылу мерзімінің өтуі Несие шартының қолданысын тоқтатпайды.

11.3. Тараптар екінші Тараптан алынған банктік, коммерциялық және басқа да ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Заңнамада тікелей көзделген жағдайларда не екінші Тараптың жазбаша келісімімен не Клиенттің жазбаша келісімінде көзделген жағдайларда ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес мұндай ақпарат үшінші тұлғаларға берілуі (жариялануы немесе жария етілуі) мүмкін.

11.4. Kaspi-дің пікірінше, Клиенттің әрекеттерінде қылмыстық белгілер бар болған жағдайларда, заңнамада көзделген тәртіппен, сондай-ақ Клиенттің жазбаша келісімдерінде аталған жағдайларда, Клиент Kaspi-ге банк құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратты және дербес деректерді анықтау және алдын ала тергеу органдарына ашуға және беруге құқық береді.

11.5. Стандарт ережелер Kaspi мен Клиенттің арасындағы қатынастарға, егер мұндай талап Kaspi мен Клиенттің арасында жасалған шарттарда тікелей көзделсе ғана, қолданылады. Клиентке тиісті хабарлама Байланыс арналары арқылы жолданған жағдайда, Клиент пен Kaspi-дің арасындағы қатынастарға тиісті түрдегі шарттар үшін Kaspi әзірлеп, баспада жариялаған өзге үлгілік ережелер мұндай ережелерде көзделген тәртіппен және жағдайларда қолданылады.

11.6. Несие беруге, Шот ашуға қажетті құжаттарды қабылдау Kaspi-дің мұндай шарттарды міндетті түрде жасасуына әкеп соқтырмайды. Kaspi белгіленген тәртіппен шарттарды жасасқан сәтке дейін қызмет көрсетуге және Стандарт ережелерде көзделген міндеттемелерді атқаруға міндетті емес.

11.7. Kaspi-дің қолтаңбасы мен мөрін қою қажет Несие шарты, соның ішінде оның қосымшалары, Клиенттен алынған өтініштер/құжаттар/ақпарат, сондай-ақ Kaspi-дің Клиентке жолдайтын құжаттары қолтаңбаны және мөрдің суретін (бар болса) факсимильдік көшіру құралдарын және/немесе уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сын пайдаланып ресімделеді. Бұл жағдайда Несие шарты және оған байланысты құжаттар ҚР АҚ-тің 152-бабына сәйкес ресімделген, атап айтқанда, жазбаша нысанда жасалған болып табылады.

11.8. Несие шарты мен Төлем карточкасына қызмет көрсету шартының жиынтығы Несие лимиті бар төлем картасын беру туралы шарт болып табылады.

11.9. Несие шартының жасалған күні және Несие шартының тіркеу нөмірі сәйкесінше Өтініштің күні мен тіркеу нөмірі болады.

11.10. Kaspi Клиент туралы мәліметтерді несие бюроларына беруге және несие бюроларының ол туралы несие есебін, сондай-ақ Тараптардың міндеттемелерді орындауына байланысты ақпаратты Kaspi-ге беруіне келісімін алды.

11.11. Несие шартына қол қоя отырып, Клиент Kaspi-ге Клиент пайда алушы немесе мүдделі тұлға тарабы болып табылатын шарттарды жасасу және орындау; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіру; Клиенттің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету; мәліметтерді анықтау, соның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаты үшін; шарттарды орындауға байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына, бонустық бағдарламаларда және т.б.) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Клиенттің, Kaspi серіктестерінің назарына жеткізу; сақтандыру, пошталық ұйымдарға, байланыс ұйымдарына беру; мерзімі өткізілген Берешекті өндіріп алу немесе Клиенттің өзге міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін коллекторлық ұйымдарға және өзге тұлғаларға беру үшін Клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісімін береді.

11.12. Клиенттің дербес деректері мен Клиент туралы өзге мәліметтер мұндай әрекеттерді жасау үшін Kaspi көздеген тәртіппен Байланыс арналары арқылы өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

11.13. Клиент Kaspi-дің қызмет ақысын операцияларды жүргізген кезде Тарифтерге сай қолма-қол ақшасыз тәртіппен, қолма-қол ақшамен Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеу арқылы және/немесе операцияларды

жүргізген кезде Клиенттің шотынан не болмаса Клиенттің Kaspi-дегі немесе басқа банктердегі кез келген өзге банктік шотынан ақшаны акцептсіз тәртіппен алу арқылы төлейді.

11.14. Клиент пен сауда және сервис кәсіпорындарының (ССК) арасындағы тауарларды ұсынуға, жұмыстар мен қызметтерді көрсетуге қатысты даулы қатынастар Kaspi-дің қатысуынсыз шешіледі.

11.15. Шарттың Тараптары олардың арасында даулар, қайшылықтар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша шаралар қабылдайды (оның ішінде, мыналарды қоса: шағымдық жұмыстарды жүргізу, талаптар мен хабарламалар жіберу, хатпен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарлармен, факсимильдік байланыспен және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарымен алмасу). Тараптар дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде келісімге келмеген кезде, дау Kaspi-дің қалауы бойынша Kaspi немесе оның филиалы орналасқан жер бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.

\* \* \*